



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

09.12.2021ж.

№ 14 2-т.

**«Кәсіподақ қызметкерінің әдебі
туралы Ережені» бекіту туралы**

Кәсіподақтың XIV съезінің шешімдерін және кадрлық саясат мәселелері бойынша 2019-2024 жылдарға арналған қызметінің Бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Кәсіподақ қызметкерінің әдебі туралы Ереже» бекітілсін (тіркеледі).
2. Салалық кәсіподақ пен мүшелік ұйымдар қызметінің негізгі міндеттерінің бірі білім және ғылым саласы қызметкерлерінің еңбек құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау жөнінде жарғы мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға кәсіподақ кадрлары мен активінің жауапкершіліктерін арттыру бойынша мақсатты бағытталған жұмыс жүргізу, кәсіподақ қызметкерлерінің кәсіподақ қозғалысының мақсаттары мен міндеттеріне адалдық сезімін тәрбиелеу болып есептелсін.
3. Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдарына, барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдарына кәсіподақ қызметі сапасын арттырудың маңызды шарты ретінде кәсіподақ кадрларының кәсіптілік мәселелерін қарастыру ұсынылсын.

Осы мақсатта:

- кадрлық жұмыс саласындағы жағдайды нақты талдау негізінде бірыңғай кадрлық саясатты іске асыру, кәсіподақ жұмысына дайындалған және білікті мамандарды таңдау және ұсыну жөнінде шаралар жүзеге асырылсын;
- кәсіподақ қызметкерлері үшін, әсіресе жастар қатарынан олардың мамандықтары бойынша өздерінің қабілеттерін іске асыра білулеріне жағдай жасалсын;
- кәсіподақ органдарының аппараттарында моральдық-психологиялық жағдай жасауға ерекше назар аударылсын;
- кәсіподақ жиналыстарында, алқалы органдар мәжілістерінде жүйелі түрде кәсіподақ қызметкерлері мен кәсіподақ белсенділерінің есептері мен ақпараттары қаралсын.

4. Жарғы талаптарын, этика туралы Ережені бұзғаны үшін сайланбалы лауазымдағы кәсіподақ қызметкерлері кәсіподақ ұйымдары кәсіподақ органдарының шешімдерімен жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Жалдамалы қызметкерлер ҚР Еңбек кодексінің нормаларына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төрайым

А. Мұқашева